

Исмагулова Раузия Сыдыковна

6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын
ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясына

Андатпа

Зерттеу тақырыбы: Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыру

Зерттеу мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыруды ғылыми-теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Зерттеу міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы ағылшын тілін оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау

2. «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының мәнін нақтылау

3. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың алғышарттарын анықтау;

4. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;

5. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың әдістемелік жүйесін әзірлеу, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру, нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындау.

Зерттеу әдістері: - **теориялық әдістер** – педагогикалық, психологиялық, психолінгвистикалық және әдістемелік ғылыми еңбектер мен басылымдарды, нормативтік құжаттарды жинақтау, жүйелеу, талдау, салыстыру және нақтылау, сондай-ақ озық педагогикалық тәжірибені зерделеу мен модельдеу.

- **эмпирикалық әдістер** – сауалнама, бақылау, тестілеу, диагностикалау, мониторинг, экспертиза, сондай-ақ алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар):

1. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу негізгі ұғымдар мен түсініктердің мазмұнын психологиялық-педагогикалық және психолінгвистикалық тұрғыдан саралап, мазмұндық құрылымын нақтылау арқылы дағдыларды сәтті қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Коммуникация» мен «коммуникативтік дағды» ұғымдарының

философиялық және психологиялық-педагогикалық тұрғыдан анықталған мазмұны мен құрылымы оқу іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырудың негізгі арқауы бола алады.

«Коммуникация» ұғымының мәні – тіл арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, өзара іс-әрекеті, қарым-қатынасты қабылдау, түсінісу және әлеуметтену бағытындағы үдерістер мен әрекеттер жиынтығы, ал «коммуникативтік дағды» ұғымының мәні — көздеген мақсатқа жету үдерісінде сөйлеу арқылы топтық, жұптық, өзара қарым-қатынас жасау қабілеттері мен біліктерін, сондай-ақ ақпарат алмасу, түсінісу, келісу, топ алдында сөйлеу, тағы басқа да толық қалыптасқан белсенді әрекеттер мен дағдылар кешені деп тұжырымдалды.

«Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыру» түсінігінің мәні – ағылшын тілінде топтық, жұптық қарым-қатынас барысында келісе білу, пікір алмаса білу, естіген ақпараттарын түсіну, өз ойын ұғынықты жеткізу, шешім қабылдау, топ алдында сөйлеу, өзгелердің көзқарасын есепке ала білу, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қатарластарымен, ересектермен өзара белсенді әрекеттесу, оң көзқарас орнату біліктілік-дағдыларының жиынтығы ретінде тұлғалық сапалары, тілдік білімдері мен дағдыларын қолдана білу жүйесі» «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық ұғым ретіндегі нақтыланған мәні мен оның құрылымы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырудың негізгі арқауы бола алады.

1. Жаңартылған білім мазмұны шеңберінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың әдіснамалық негізінде *жүйелік, коммуникативтік, іс-әрекеттік, синергетикалық, кіріктірілген* әдіснамалық тұғырлары негізге алынады. Бастауыш сыныпта оқу үдерісі коммуникативтік жағдаятқа негізделіп ұйымдастырылған арнайы дайындалып, жинақталған коммуникативтік тапсырмалар мен жаттығулар кешені арқылы жүзеге асырылады. Оқушылар нәтижесінде жан-жақты дамып әлеуметтенеді, ересектермен, мұғалімдермен және құрдастарымен бірлесіп, топтасып өзара әрекеттеседі. Соның нәтижесінде олар ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын меңгеріп, грамматикалық құрылымдарды игереді, сөздік қоры кеңейіп, тілді қолдану қабілеттері жетіледі.

2. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың алғышарттары анықталады. Бұл оқушылардың тілдік, елтану білімдері мен коммуникативтік дағдыларды меңгеруіне, өзін қоршаған ортамен, құрдастарымен, ересектермен белсенді әрекеттесуге, ақпарат алмасуға, түсінісуге, ортақ келісімге келуге, қарым-қатынасқа түсу негіздері мен қарым-қатынас жасау мәдениетін игеруге, әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың алғышарты – көздеген мақсатқа жету үшін ұйымдастыруды талап ететін және тиімді нәтиже беретін маңызды әрекеттер жиынтығы деп тұжырымдалады.

1. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын

ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыруға арналған әдістемелік жүйесі ұйымдастырылған оқу іс-әрекет үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілін құрдастарымен және мұғаліммен белсенді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдермен, құралдармен және оқыту формаларымен толықтырылады. Жаңартылған білім мазмұны негізінде осы әдістемелік жүйе әзірленіп, арнайы дайындалған коммуникативтік тапсырмалар мен жаттығулар жинағы жасалып, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденеді.

2. Көздеген нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері, коммуникативтік дағдыны қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталады және жаңартылған білім мазмұны негізінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель дайындалады. Бұл модель оқушылардың коммуникативтік, тілдік дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын ғылыми негізделген әдістемелік құрал бола алады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

Зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған педагогикалық технологияларды қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен, алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, дайындалған әдістемелік жүйесін оқыту үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етілді

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздемесі:

- бірінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы ағылшын тілін оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;
- екінші нәтиже жаңалығы – коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының мәні нақтыланды;
- үшінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың алғышарттары анықталды;
- төртінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;
- бесінші нәтиже жаңалығы – бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың әдістемелік жүйесін әзірленді, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді, нәтижелері оқыту үдерісіне енгізілді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы: - зерттеу жұмысы нәтижелерін, ұсынылған бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастырудың әдістемелік жүйесін күнделікті оқыту үдерісінде бастауыш сынып мұғалімдері қолдана алады. Оқыту сапасын дамытуға, тілді коммуникативтік, практикалық бағытта

үйретуге мүмкіндік береді, бастауыш сынып мұғалімдері көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

1. Бұл зерттеу Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген ҚР Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орындалды. Аталған стандарттың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасында қамтылған

- бастауыш білім берудің мақсаты мынадай 1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу; 2) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; 3) топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын, яғни кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасауға

- бастауыш білім берудің мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделуіне сәйкес.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 799 қаулысы бойынша бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында дәстүрлі оқу бағдарламаларынан функционалдық сауаттылыққа, болашақ еңбек нарығында талап етілетін заманауи дағдылар мен құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған қағидатты өзгерістерде «Білім беру жүйесін жаңғырту, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту» және «Жаңғыртудың ең басты шартының бірі білім беру жүйесін жаңартылған бағдарлама бойынша өзінің пәніне үйретіп қана қоймай, бағдарламаларды өзгеріп жатқан уақыт талаптарына үнемі бейімдеу міндеттеріне сәйкес келеді

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Scopus /Web of Science халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда екі мақала жарық көрді:

1. The effectiveness of the formation of the communicative skills of elementary school students in English classes// AD ALTA: journal of interdisciplinary research, Volume 9, ISSUE 1, 2019 pp103-107. ISSN 2464-6733 ISSN 1804-7890 <https://www.magnanimitas.cz/ADALTA/0901/PDF/0901.pdf> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –85%) Қосалқы авторлар: Жумабаева А.Е., Анарбекова Л, Құлшаева А.

2. Development of communicative skills among Kazakhstan primary school

students, International Journal of Education and Practice, Vol.10. No2(2022) ISSN:2310-3868 (online) Print ISSN2311-6897, Scopus Conscienta Beam. 84-95 p. <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1352073.pdf> Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –90%. Қосалқы авторлар: Ожикенова А.Қ. Жұмабаева Ә.Е.

ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі басылымдарда 5 мақала жарық көрді:

3. Teoretical bases of formation multicultural communication skills through listing. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №12/1 (147) 2020, 11-114 б. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –95%. Қосалқы автор:: Қазыбаева А.А.

4.Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың маңыздылығы, ҚР ҰҒА Хабарлары, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар. №2,2017, 201бет. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –95%. Қосалқы автор: Жумабаева Ә.Е.

5. Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, ҚР ҰҒА Хабарлары, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар. №3, 2017, 158бет. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –95%. Қосалқы авторлар: Жумабаева Ә.Е.

6. Specifics and new pedagogical approaches in organization of the process of study in new curriculum, ҚР ҰҒА Хабарлары, Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар,. №3, 2018, 119 бет. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –90%. Қосалқы авторлар: Жумабаева Ә.Е, Ожикенова А.К.

7. Linguistic peculiarities of a foreign language in formation of language skills, ҚР ҰҒА Хабарлары, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, №5, 2019, 22-28бет. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –90%). Қосалқы авторлар: М.Кале, Ожикенова А.А.

Қазақстан Республикасында және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық – практикалық конференция материалдарында 5 мақала жарық көрді:

8. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мәселелері Congress «Innovation and global issues in social sciences platform», конференция, Түркия, Анталья, 2 бас. 2017, 27-29 сәуір, 76бет., Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –95%. Қосалқы автор: Жумабаева Ә.Е.

9. Communicative skills and competences of students, халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция «Білім және ғылым горизонты». 31.01.2018 г. Алматы. 44бет Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –90%. Қосалқы авторлар: Ожикенова А.Қ., Құлшаева А.

10. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың бүгінгі жайы мен болашағы, «Өзге тілді аудиторияда білім берудің заманауи инновациялары мен технологиялары» атты X халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. Туран университеті «Қазақ, шет тілдері» кафедрасы. Алматы. 20.12.2018. 134-138 б. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –95%. Қосалқы автор: М. Кале.

11. Коммуникация – как процесс взаимодействия, Прага, «Psychopedagogical problems of a personality and social interaction» X халықаралық ғылыми конференция. 15-16 мая 2019. 76-81с. Мақаланы жазудағы докторанттың

үлесі – 95%. Қосалқы автор: Ожикенова А.Қ.,

12. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, Congress «Innovation and global issues in social sciences platform». May 02-04, 2019. Ankara/Turkey, p. 422. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі –95%. Қосалқы автор: Камзаева А.Б.